



Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

№19 (83)
ЖЕЛТОҚСАН
2021 ЖЫЛ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІКТЕР!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – Қазақ еліне егемендік сыйлаған айтулы күн, мәртебелі мереке!

Тәуелсіздікке қол жеткізген сонау 1991 жылдан бері еліміз өркендеу мен даму жолымен жүріп келеді. Егемендіктің алғашқы жылдары Қазақстан халқы үшін оңайға соққан жоқ. Көптеген қиындықтарды бастан кешірдік. Бірақ, елдің бірлігі мен ынтымағының арқасында біраз қиындықтарды жеңе білдік. Ел еңсесін тіктеді.

Алғашқы жылдары жас мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз ету көкейкесті міндет, маңызды мұратқа айналды. Осы орайда ел байлығын еселеген мұнай-газ саласы арқа сүйер тірек болды десек, артық айтқандық емес. Өндірістің дамуы үздіксіз жалғасып, мұнай өндіру көрсеткіші тәуелсіздік жылдарында халықтың тұрмысын түзеп, экономикамыздың тұрақтануына жол ашты. Бүгінде мұнай-газ секторы ел экономикасының күретамыры саналып келеді.

30 жылда мұнай-газ өнеркәсібі өрлеп, екінші тынысын алды. Салаға қыруар инвестиция тартылып, отандық өндіріс заманауи техникамен жабдықталды. Қазақстандық мамандар мектебі қалыптасты.

Бүгінде Қазақ елін бүкіл әлем тануы – тәуелсіздігіміздің жемісі. Елдің ішкі-сыртқы саясатында ауқымды жұмыстар қолға алынып, тиісті нәтижесін көрсетіп келеді.

Бүгінде мұнай өндіру және өңдеу саласында оңды өзгерістер көп.

Еліміздің қол жеткізген жетістіктерінде мұнайшылардың, соның ішінде, ембілік мұнайшылардың да қосқан үлестері зор. «EmbiMunayGas» компаниясы акционерлік қоғам болып құрылған 2012 жылдан ағымдағы жылдың 11 айы аралығында Ұлттық қор, республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 трлн 303 млрд. теңгеден астам, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға – 4 млрд. 900 млн теңгеге жуық қаражат аударды.

Баршаңызды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күнімен құттықтаймыз! Дендеріңізге мықты саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілейміз! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Ізгі тілекпен,
«EmbiMunayGas» АҚ басшылығы





МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫ - «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ

Еліміздің бас мерекесі - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас технологы Жәнібек Бердібекұлы САҒЫНДЫҚОВ «Құрмет» орденімен марапатталды.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Мемлекет басшысының Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Еліміздің экономика саласында табысты еңбектерімен ерекшеленген азаматтарды KAZENERGY қауымдастығының төрағасы Тимур ҚҰЛЫБАЕВ бейнеконференция арқылы құттықтады.

Ембілік мұнайшыға мемлекеттік марапатты ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан табыс етті.

- Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы

қарсаңында осындай жоғары марапатқа ие болуым – әріптестерімнің де ортақ табысы. Бұл – бірлескен еңбектің нәтижесі. Еліміздің экономикасының басты күретаыры саналатын мұнай-газ саласында еңбек етіп, мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосу – мен үшін мақтаныш, - дейді «Құрмет» орденінің иегері «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас технологы Жәнібек САҒЫНДЫҚОВ.

Жәнібек Бердібекұлы 37 жылға тарта уақыт өтілгенде қарапайым мұнай өндіруші операторлығынан бастап, әр түрлі лауазымдарды абыроймен атқара білді.

Жиын барысында Компания басшылығы жоғары мемлекеттік марапатқа ұсынылған ембілік мұнайшыға құрмет көрсетті.

ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ

ЕМБІЛІК АРДАГЕР-МҰНАЙШЫЛАР - «АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАРЫ»

Еліміздің бас мерекесі - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ Ардагерлер кеңесінің төрағасы СМАТУАЛИН Бағыт Шабайұлы мен ардагер-геолог Махаш РАХМЕТОВҚА аймақтың экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Атырау облысының Құрметті азаматы» атақтары берілді.

13 желтоқсан күні өткен облыстық мәслихаттың кезектен тыс IX сессиясында облыс әкімінің орынбасары Нариман Таушов пен облыстық мәслихат хатшысы Әлібек

Нәутиев мұнайшы-ардагерлерге төсбелгілерін табыс етті.

- Еңбегімізді елең, маңызы мен жауапкершілігі зор марапат үшін Атырау жұртшылығына алғысымды

білдіреміз. Бұл марапат – барлық ембілік мұнайшы-ардагерлердің саланы өркендетуге сіңірген еңбегіне көрсетілген құрмет деп білемін, - деді Бағыт Шабайұлы.



МҰНАЙШЫ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА ЖАҢА ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ БЕКІТІЛДІ

«Ембімұнайгаз» АҚ-да 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шарт бекітілді.

Жиынға Компания басшылығы, ЕМГ Кәсіподақ ұйымының жетекшілері мен Өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары қатысты. Жұмыс беруші тарапынан ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан мен жұмысшылар тарапынан ЕМГ Кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Нсанбаев жаңа құжатқа қол қойды.

- Қарапайым еңбек адамының мүддесін қолдау - біздің басты мақсатымыз. Жұмыс беруші мен жұмысшының мүддесін қолдайтын Кәсіподақ ұйымының жетекшілері

бірлесе отырып, ұжымның әлеуметтік жағдайын одан сайын жақсартуға түсу бағытында ауқымды жұмыстарды атқардық. Ең бастысы, қандай жағдайда болмасын жұмысшы біздің әркез қолдауымызды сезіне алуы керек. Біз жаңа Ұжымдық шартта осы маңызды міндеттен табылуға тырыстық. Ұжымдық шартты жасақтауға белсенділікпен атсалысқан жұмысшы топ мүшелері, кәсіподақ ұйымдарының жетекшілеріне алғыс білдіреміз, - деп атап өтті өз сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Компанияға қарасты барлық басқармаларда жаңа Ұжымдық шарттың жобасы ағымдағы жылдың жаз айларынан бастап кең талқыға түсті. Ұжымдарда болған кездесу,

кеңесу барысында 35-ке тарта ұсыныс түсіп, олардың көпшілігі құжатты дайындау барысында назарда ұсталынды.

2022-2026 жылдарға арналған жаңа Ұжымдық шартта ембілік мұнайшыларға ұсынылып келген әлеуметтік қолдаулар толықтай сақталды. Жаңа құжатқа жұмысшыға ұсынылатын кепілдіктер мен өтемақылар, соның ішінде, мұнайшылар мен олардың отбасыларын емдеу және сауықтыру шығындары, еңбек қауіпсіздігі талаптары толықтырыла енгізілді.

Айта кету керек, бұған дейінгі 2014-2021 жылдар аралығындағы ЕМГ-нің Ұжымдық шарты әлеуметтік сақтандыру номинациясы бойынша үздік деп танылып, республикалық «Парыз» сыйлығын иеленген болатын.



ДОССОРЛЫҚ МҰНАЙШЫЛАР 2 ОТБАСЫҒА БАСПАНА СЫЙЛАДЫ

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кең пейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы игі істің ұйытқысы болып, Мақат ауданындағы екі бірдей отбасына баспаналы болу қуанышын сыйлады.

КӨПТЕН КҮТКЕН ҚУАНЫШ

Солдатбай Тұқырбаев пен жұбайы Тоты Сәрсембаева – II топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар. Бұған дейін саман тастап салынған апатты жағдайдағы үйде тұрып келген. Отбасының әлеуметтік жағдайын ескерген доссорлық мұнайшылардың қолдауымен Доссор кентіндегі 3 бөлмелі тұрғын үйдің иесі атанды.

Қоныстой шарасына ауыл үлкендері, Доссор кентінің әкімі Б. Ермеков, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары К.Қасымғалиев, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы С.Әбдиев, басқарма ұжымы қатысып, үй иелерін құттықтады.

- Қазақ халқы ежелден мұқтаж жандарға көмек көрсете білген. Аудандық әкімдікпен және мәслихатпен ақыдаса отырып, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы жұмысшыларының өз еркімен жинаған қаражатына 2 жанұяға баспана кілті табысталғалы отыр. Қиналған жанға сүйеу бола білген доссорлық мұнайшыларға «Ембімұнайгаз» АҚ атынан алғысымызды білдіреміз. Мұнайшылардың ауданның әлеуметтік ахуалын жақсартуға қосқан үлесі – бұл, - деп атап өткен «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек ҚАСЫМҒАЛИЕВ шараға қатысушыларды мерекемен құттықтады.

Сондай-ақ, Доссор кентінің әкімі Болат ЕРМЕКОВ, кенттің ардагері Дінғали ДӘУЛЕТБАЕВ сөз алып, қашанда сауапты істің жанынан табылып жүретін аудан мұнайшыларының ауызбірлігі мен мәрттігі көпке үлгі екендігін атап өтіп, абырой биігінен көрінген өндірістік басқарма ұжымына ризашылықтарын білдірді.

- Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Бүін біз үшін көптен күткен қуанышты күн. Кең жарық, жылы баспанамыз бар. Үйлі болуымызға септіктерін тигізіп отырған «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымына «қара алтын» өндіру саласындағы абыройлы істерінің ырысы мен берекесін көруге тілектестік білдіреміз, - деп жүрекжарды лебізін жеткізді баспана иесі Солдатбай ТҰҚЫРБАЕВ.

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАҒА ЖӨРДЕМДЕСТІ

Аталған мұнай-газ өндіру басқармасы ұжымының

қолдауымен мақаттық жалғызбасты ана Гүлсім Қабдрешова қоныс тойын тойлады. Бүгінде 3 баланың анасы Гүлсім Нұрышқызы көп жылдан бері үй жалдап, тұрмыс тауқыметін тартып келді.

Ол «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының қабылдау бөлмесіне барып көмек сұраған болатын. Өтініш иесінің мәселесін тыңдап, толыққанды зерделеген аудандық мәслихат депутаты, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Серік Әбдиев бұл отбасыға қуаныш сыйлау мақсатында ұжымға үндеу жариялап, қамқорлыққа зәру отбасыға қолұшын созуға шақырды. Ауызбіршілігімен ерекшеленетін доссорлық мұнайшылар бұл бастаманы бірауыздан қолдап, қаражат жинап, 2 бөлмелі пәтер сатып алып берді.

Шара барысында «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы, Мақат аудандық мәслихатының депутаты Серік Әбдиев игі бастамаға қолдау білдірген ұжымға ризашылығын білдіріп, баспана иесіне пәтер кілтін табыстады.

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бұған дейін де жасаған игі істері аз емес. Ағымдағы жылы Астана күні қарсаңында да ұжым ұйымшылдық танытып, аудандағы баспанаға мұқтаж, жалғызбасты анаға баспана кілтін табыстаған болатын. Адам тағдырына алаңдаушылық танытып, қолдау көрсетуі – әлеуметтік жауапкершілікті абыроймен атқарып жүргенінің айғағы деп білеміз, - деп «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Серік ӘБДИЕВ басқарма ұжымына ризашылығын жеткізіп.

Сондай-ақ, шара барысында Мақат кентінің әкімі Ербол ЕРМАҒАНБЕТОВ пәтер иесін құттықтап, қолдау білдірген мұнайшыларға ыстық ықылас білдірді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Доссор мұнайының 110 жылдығына орайластырылған іс-шаралар барысында қоныстой иелері мұнайшыларға алғысын білдіріп, қуанышты сезімдерін жасырмады.

- «Адамды адам ететін - мейірім мен қайырым» - деген даналық сөз бар. Жылдар бойы үй жалдап, әбден қиналғанда, жағдайыма түсіністікпен қарап, арманымның орындалуына үлкен есптігін тигізген мұнайшыларға зор аналық алғысымды білдіремін, - деді Гүлсім ҚАБДРЕШОВА.



ЖЫЛЫОЙЛЫҚ МҰНАЙШЫЛАР ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАҒА ПӘТЕР АЛЫП БЕРДІ



Қазақтың қанында бар қайырымдылықты бойға сіңірген «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы ұжымының да қолдауымен құлсарылық бір отбасы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында баспана бақытына бөленді.

Ел Тәуелсіздігі мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-ның аталған өндірістік бөлімшесі ұйымдастырған салтанатты шара барысында «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Ғабатолла Шанаев жалғызбасты ана, зейнеткер Тілектес Сарбалинаға 2 бөлмелі пәтер кілтін табыстады.

- Жолдасымнан ерте айырылдым. Екі қызым бар. Екеуі де ауыр дертке шалдығып, емге қаражат жетіспегендіктен, үйімізді сатуға мәжбүр болдым. Соңғы жылдары пәтер жалдап, қиналған кезімде мұнайшылардан көмек сұрадым. Жағдайыма түсіністікпен қарап, көмек қолын созған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұжымына шексіз алғысымды білдіремін. Еліміздің экономикасын еселеп қана қоймай, әлеуметтік жағынан қиналған жандарды демеп, қолдау көрсетудің нақты үлгісін көрсетіп келеді. Еңбектеріңізге табыс тілеймін, - деді баспана иесі Тілектес Сарбалина.

- Құлсары қаласында пәтер жалдап жүрген Т.Сарбалина басқармаға келіп, отбасындағы ауыр жағдай туралы айтып, көмек сұрады. Біз бұл кісінің жағдайын ескере отырып, ұжымға үндеу жолдаған болатынбыз. Бірауыздан қолдау білдіріп, қиналған жанға көмек қолын созу мақсатында өз еріктерімен қаражат жинаған жылыойлық мұнайшыларға ризашылығымды білдіремін,

Ұжым кез келген қиындықта жұдырықтай жұмылып, топтаса түсетінін тағы бір аңғартты. Ізгілікті іс-шараларға қашанда дайын екендіктерін тағы бір мәрте дәлелдей білді. Киын сәтте мейірім мен бірліктің асқақ үлгісін көрсеткен барша әріптестеріме алғысым

шексіз. Қайырымдылық – ізгіліктің нұры. Бір-бірімізге қайырымды болайық! Мұндай қайырымдылық шараларының одан әрі жалғасын табатынына сенемін - дейді «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғабатолла ШАНАЕВ.

Баспананы табыстау шарасына басқарма басшылығы, басқарманың Ардагер кеңесінің төрағасы М.Исаинова, ұжым қызметкерлері қатысып, пәтер иесіне ақжарма тілектерін арнады.





Атырау қаласындағы Құрманғазы мәдениет сарайында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған салтанатты шарасы өтті. Мерекелік шараға ЕМГ ұжымы, Компания басшылығы, өндірістік құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен кәсіподақ ұйымының жетекшілері, ембілік ардагерлер қатысты.

- Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жас мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз ету өзекті саналды. Өндіріс қалыптасып, мұнай өндіру көрсеткіші тәуелсіздік жылдарында халықтың тұрмысын түзеп, экономикамыздың тұрақтануына жол ашты. Бүгінде мұнай-газ секторы ел экономикасының күретаыры саналып келеді. 30 жылда салаға мол инвестиция тартылып, отандық өндіріс заманауи техникамен жабдықталды, - деп атап өтті өзінің құттықтау сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Сондай-ақ, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, Атырау облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы, мұнай-газ саласының ардагері, Қызылқоға және Жылыой аудандарының Құрметті азаматы Мақсым ІЗБАСОВ сөз сөйлеп, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасып, дамуына мұнайшылардың қосып жатқан жатқан үлесіне ерекше тоқталды.

Салтанатты шара кезінде табысты еңбектерімен ерекшеленген жекедеген мұнайшылар, қызметкерлер Компания басшылығының қолынан жоғары марапаттарға ие болды.

Жиналған көрермен тәуелсіздік жылдарындағы Ембінің тарихынан сыр шертетін фотокөрмемен танысты. Шара соны Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармония өнерпаздарының ұсынған концерттік бағдарламаға ұласты.

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН:

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты және құрделі жөндеу цехының бастығы **БАЙМАҒАМБЕТОВ Абзал Смағұлұлы;**
- «Доссормұнайгаз» МГӨБ Өндірістік жедел басқару қызметінің инженері **ҚҰЛБАЕВА Галина Жолдасқызы;**
- «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботакан



және газ өндіру цехының операторы **КИЛЫБАЕВ Қайрат Серікұлы;**

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ Өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары **СМАДЬЯРОВ Думан Жолдасқалиұлы;**

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстарын жүргізу цехының 4 дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы **МҰХАМБЕТЖАНОВА Сара Нұрлайқызы;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөліктер колоннасының 5 разрядты автокөлік жүргізушісі **АХАТОВ Әділжан Қайырұлы;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ газ дайындау учаскесінің 4 разрядты компрессорлық қондырғысының машинисі **АТШЫБАЕВ Нұрбол Сиражиенұлы;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ өндірістік нысандарды жәй жөндеу учаскесінің 3 разрядты ғимараттарға кешенді қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшысы **АЯНОВ Серік Өтепқалиұлы;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының 4 разрядты слесарь-

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ-НЫҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН:

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Қарсақ мұнай және газ өндіру цехының жерасты қысымын сақтау шебері **БИҒАЛИЕВ Нысанбай Кизатоллаұлы;**
- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұңғымаларды жер асты жөндеу цехының операторы **БЕКЕНОВ Таубай Қанатұлы;**
- «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорвадағы өндіріске қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары **АСАБАЕВ Наурыз Кісенбайұлы;**
- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бастығының орынбасары **ҚОШАНОВ Мағзом Оразұлы;**
- «Ембімұнайэнерго» басқармасы өндірістік-техникалық тобының 2 санатты инженер-энергетигі **ЕРШИЕВА Гүлбаршын Тұрланқызы;**
- «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы **ШАНАЕВ Гибатолла Толағайұлы** марапатталды.

жөндеушісі **БӨЛЕКБАЕВ Ерлан Сергейұлы;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ өндірістік -техникалық бөлімінің инженері **ҚҰРМАНҒАЛИЕВ Әділжан Қадыржанұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ № 1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру Ақінген кен орны бригадасының 4 разряд смұнай және

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздік - ең алдымен, қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да, біз үшін тәуелсіздік күні

ҚАСТЕРЛІ МЕРЕКЕГЕ



- ең қадірлі күн. Осынау ұлы мереке қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелерде салтанатты жиындар өтті.

А т а л ғ а н



мерекелік шараларға Компанияның Басқарма төрағасы Есен Қайыржан мен өндіріс жөніндегі орынбасары Канатбек Қасымғалиев барып, өндірістегі мұнайшыларды мерекемен құттықтады. Табысты еңбегімен ерекшеленген бір

топ жұмысшыны «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапаттады.

Сондай-ақ, өндірістік-құрылымдық бөлімшелер басшылары, кәсіподақ ұйымының төрағалары мұнайшыларды



АЙБЫНДЫ ҚАЗАҚСТАН!

газ өндіру операторы **ЕРМЕКОВ Санақ Аманқұлұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызметінің инженері **ШУДАБАЕВА Айгүл Ізімғалиқызы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнай және газ өндіру цехының №3 Батыс Прорва кен орны бригадасының операторы **ОМАРОВ Нұрлан Өтегенұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнайды дайындап айдау цехының 4 разряд тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы **ШАМҚҰЛОВ Қайыржан Сейілханұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының 5 разряд ұңғыларды жерасты жөндеу операторы **ОСПАНОВ Қанат Есмұқашұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының 5 разрядты ұңғыларды жерасты жөндеу операторы **ӘШІМОВ Рүстем Бағдатұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану цехының 5 разрядты тоқпенгазбен дәнекерлеушісі **ШЫНАШЕВ Болат Бисенұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы жылуменсуменгазбен қамту тәлімінің 4 разряд жылу қазандығы жабдықтары және тозаң дайындайтын цехтың жөндеушісі **БАСПІАЕВ Ағзам Ізғайырұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ экономика бөлімінің бастығы **ИБРАЕВА Рысты Қойбағарқызы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов мұнай және газ өндіру бөлімшесінің жұмысшы агентті қабатқа сіңіретін насос станциясының машинисі **БАТЫРОВ Қанат Лиметұлы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының механигі **БЕЙІШ Мұхтар Мұсаұлы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік колоннасының цементтеу агрегатының (машинист) моторисі **ГАЛИЕВ Нұржасар Серікұлы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жылгазсумен қамтамасыз ету бөлімшесінің шебері **АМАНГАЛИЕВ Марат Паритұлы;**

«Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті жедел басқару департаменті орталық инженерлік-



технологиялық қызметінің ауысым бастығы **Махсат НАУКЕНОВ;**

«Ембімұнайгаз» АҚ заң департаментінің директоры **ТОКМУРЗИЕВ Асқар Әділбекұлы;**

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының өндірістік тобының 1 категориялы инженері **ЖҰМАҒҰЛОВ Хамит Нұғиұлы;**

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының арнаулы техника және автокөлік гаражының бастығы **БӨЛЕКОВ Ғабиден Жолдыбайұлы;**

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Доссор» аудандық электр торабының электр монтері **НАРИКОВ Теміржан Манапұлы;**

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Прорва» аудандық электр торабының электр монтері **АБИЛОВ Марат Искахұлы;**

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Мақат» аудандық электр торабының 5-дәрежелі сынау және өлшеу жөніндегі электр монтері **АСКАРОВ Асхат Асқарұлы** марапатталды.

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ АЛҒЫС ХАТЫМЕН:

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техникалар және автокөліктер колоннасының 5 разрядты автокөлік жүргізушісі **ӘБІЛХАСОВ Жұмабек Мұратұлы;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 мұнай-газ өндіру цехының 4 разрядты мұнай-газ өндіру

операторы **Құрманғазы ГАБДУЛЛИН;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының 5 разрядты электргазбен дәнекерлеушісі **МАЖИТОВ Медеу Аманжолұлы;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының 4 разрядты слесарь-жөндеушісі **АЛЬСУЛТАНОВ Зинур Юрьевич;**

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру және конденсат жөніндегі шебері **МОЛДАШ Сағынжан Жұмажанұлы;**

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ механика бөлімінің 1 санатты механигі **САФИЕВ Сабыржан Қабдолқазымұлы;**

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік колоннасы Шығыс Мақат автоколоннасының 6 дәрежелі кран автокөлігі машинисі **БЕКЕНОВ Ғарифолла Сисекенұлы;**

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік колоннасы Ботахан автоколоннасының жүргізушісі **МҰҚАНОВ Нұртас Мыңбайұлы;**

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ Мақаттағы мұнайды дайындау және айдау цехы Шығыс Мақат МДА бригадасының технологиялық сораптар ұндырғысының машинисі **ДОСҚАЛИЕВ Сайын Аманқұлұлы;**

- «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының

Алтыкөл, Қошқар ҰЖЖ бригадасының көтергіш машинисі **ЕРҒАЛИЕВ Серікқали Есқалиұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің 5 разряд автокөлік жүргізушісі **КАРАБАЛИН Қайрат Әбілқайырұлы;**

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің 6 разряд МҚЖ қызмет көрсету агрегатының машинисі **ТӨЛЕШОВ Қалыбай Сақыпұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Әкімшілік басқару қызметінің 2 санатты сапа жөніндегі инженері **ШЫРДАБАЕВА Ания Бағытжанқызы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру Қысымбай кен орны бригадасының қабат қысымын қолдау операторы **СЫРАЖАНОВ Мұхтар Балтабайұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №2 «Терең-Өзек» мұнай және газ өндіру цехының №2 мұнай өндіру бригадасының мұнай және газ өндіру операторы **САЛАХАДИНОВ Дүйсенғали Амангелдіұлы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы мұнайды дайындап айдау цехының Қаратон мұнай дайындап, айдау учаскесінің тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы **ЕСЕНҒАЗИЕВА Тілеш Тоқбайқызы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстар цехының 4 разряд ұңғыларды зерттеу операторы **ӘБІШЕВА Орынғұл Еңсегенқызы;**

- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы нысандарды ағымдағы жөндеу учаскесінің 5 разряд ағаш шебері **ТАҒАЕВ Сәкен Орымбайұлы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы **КЕНЖЕБАЕВ Азат Құралғанұлы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының слесарь-жөндеушісі **ТӘТТІБАЕВ Жанболат Ідірісұлы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесінің электргазбен дәнекерлеушісі **ТӨЛЕҒАЛИЕВ Бақытбек Сүйеуғалиұлы;**

- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ коммуналдық шаруашылық бөлімшесінің Қайнар вахталық қалашығының жатақхана меңгерушісі **ӘДІЛОВА Айсұлу Амандыққызы;**

- «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндіру департаменті ұңғымаларды жерасты жөндеу бөлімінің бастығы **БИСЕНОВ Өтеген Гизатұлы;**

- «Ембімұнайгаз» АҚ бұрғылау және барлаушы ұңғымаларға сынақ қызметін көрсету бөлімінің аға инженері **САГИНБЕКОВ Серік Құтыңұлы;**

- «Ембімұнайгаз» АҚ жоспарлау және экономикалық талдау департаменті бақылау қызметінің аға экономисі **КАРАКУШИКОВА Жанар Аманбайқызы;**

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының арнайы және мамандандырылған автокөлік жүргізушісі **АЙШУАҚОВ Ғайнолла Мұхашұлы;**

- «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының Құлсары базасының көлік учаскесінің автокөлік кран машинисі **СЕЛБАЕВ Нұрберген Жәрдемұлы;**

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Құлсары» аудандық электр торабының электр монтері **КАРАБОЛАЕВ Жанпейіс Мелетұлы;**

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Қайнар» аудандық электр торабының электр монтері **ҚАМАҒАЛИЕВ Қалыбай Қамағалиұлы;**

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы арнаулы техника және автокөлік колоннасының 5-дәрежелі автомобильді автокран машинисі **ӘУЕЛБАВ Марат Сатыбалдыұлы** марапатталды.

АРНАЛҒАН САЛТАНАТ



ұлықтап, мерекелік сый-сияпат табыстады. Ембі өндірісінде еңбек етіп жатқан тәуелсіздік құрдастары да назардан тыс қалмай, марапаттарға ие болды.

Доссор мәдениет үйінде өткен «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұжымының

Тәуелсіздік мерекесіне орай салтанатты шарасы Байшонас кен орнының 90 жылдық, Ботахан кен алаңының 40 жылдық мерейтойларымен де орайластырылып ұйымдастырылды. Жиын барысында ЕМГ Басқарма төрағасы

Е.Қайыржан доссорлық ұжымды мерейтойларымен құттықтап, марапаттады.

Байшонас кен орнының 90 жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехы Қошқар кен орны №2 бригадасының 4 дәрежелі сорап қондырғылары машинисі **Нұрхан ЕЛЕКЕНОВ,** №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехы Қошқар кен орны №2 бригадасының 5 дәрежелі слесарь-жөндеушісі **Абылай АҚМУРЗИЕВ,** «Ембімұнайгаз» АҚ Алғыс хатымен №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехы Қарсақ кен орны №1 бригадасының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы **Баян КӨШЕКЕНОВА** марапатталды.

Ботахан кен орнының 40 жылдығына орай №1 Ботахан мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы **Қуанышқали ЕСЕНҒҰЛОВҚА** және №1 Ботахан мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ ЕМГ Құрмет грамотасы, ал, конденсат өндіру жөніндегі шебері **Руслан КӨШЕРБАЕВҚА** Алғыс хат табыс етілді.

Салтанатты шаралар ембілік мұнайшы-өнерпаздардың қатысуымен концерттік бағдарларға ұласты.



Жарыс алаңында -



Атырауда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне арналған «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелері қызметкерлері арасында спартакиада өтті.

Төрт күнге созылған додада Орталық басқару аппараты, «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының, «Ембімұнайэнерго» басқармасының, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасынан 182 ембілік жарыс алаңына шықты.

Спорттың 6 түрінен, атап айтсақ, кіші футбол, волейбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, бильярдтан жарыстар қызықты да тартысқа толы болды.

Компанияда жұмысшылардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға баса басымдық беріледі. Сондықтан, мұндай жарыс ұйымдастыру дәстүрге айналған. Себебі, бұл спартакиада қызметкерлердің корпоративті рухын арттырып, әріптестер арасында ауызбіршілік пен достықты қалыптастырады, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН.

Спартакиада қорытындысы бойынша төмендегі қызметкерлер жүлдегер атанды:

ШАХМАТ (ЕРЛЕР АРАСЫНДА)

- I орын - Асылбек Ғаллам («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
- II орын - Ерлан Жұмағалиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
- III орын - Ермек Айтбаев («Ембімұнайэнерго» басқармасы)

ШАХМАТЫ (ҚЫЗДАР АРАСЫНДА)

- I орын - Күралай Сағинаева («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
- II орын - Ақмарал Усалиева («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
- III орын - Гүлшат Жұмағалиева («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

ТОГЫЗҚУМАЛАҚ (ЕРЛЕР)

- I орын - Сырым Мұратов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
- II орын - Рахымжан Теміров («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
- III орын - Аманжан Күншығаров («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

ТОГЫЗҚУМАЛАҚ (ӘЙЕЛДЕР)

- I орын - Айнұр Мендібай («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
- II орын - Айна Аймакова («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
- III орын - Гүлзира Алдашбаева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ (ЕРЛЕР)

- I орын - Ахметжан Торпаков («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
- II орын - Руслан Даутов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
- III орын - Мейрам Галиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ (ӘЙЕЛДЕР)

- I орын - Тамара Сабирова («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
- II орын - Жанар Сәрсенғалиева («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
- III орын - Светлана Орынтаева («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

ВОЛЕЙБОЛ

- I орын - «Қайнармұнайгаз» МГӨБ
- II орын - «Доссормұнайгаз» МГӨБ
- III орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

ВОЛЕЙБОЛ БОЙЫНША ҰЗДІК ОЙЫНШЫЛАР:

- Жанаргүл Хасанова («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
- Күрал Әбденов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)
- Жұмабай Молдашұлы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
- Айнұр Салиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)





ембіліктер



КІШІ ФУТБОЛ

I орын – Орталық басқару аппараты
II орын - «Доссормұнайгаз» МГӨБ
III орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

КІШІ ФУТБОЛ БОЙЫНША ҰЗДІК ОЙЫНШЫЛАР:

Қуандық Мергенов (Орталық басқару аппараты)
Асхат Ғинаятов (Орталық басқару аппараты)
Байыржан Нығметов («Ембімұнайэнерго» басқармасы)
Әлібек Шыныбаев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)
Серік Бисекенов («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

БИЛЬЯРД

I орын - Мақсат Жылқайдаров (Орталық басқару аппараты)
II орын - Танат Сәрсенов (Орталық басқару аппараты)
III орын - Абылай Жұмашев (Орталық басқару аппараты)

БИЛЬЯРД БОЙЫНША ҰЗДІК ОЙЫНШЫЛАР:

Самат Искариев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)
Мейрамбек Білғали («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)
Қанат Шаңқанов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

СПАРТАКИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП:

I орын - «Доссормұнайгаз» МГӨБ
II орын - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ
III орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

ЖЕҢІМАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!





«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан Компанияның Жас мамандар кеңесінің басқару аппараты мен өндірістік-құрылымдық бөлімшелердегі жетекшілері және белсенді мүшелерімен кездесті.

Компания басшысы жастармен кездесті



Жиын барасында ЕМГ Жас мамандар кеңесінің төрағасы Жанбақыт Дәуітов ұйымның бұған дейін атқарған жұмыстарына тоқталды. Алдағы

жоспарларымен бөлісті. Басқарма төрағасы жас мамандарды Компанияның өндірістік-қоғамдық өміріне белсене араласумен қатар, кәсіби тұрғыда

жан-жақты өсуге, ізденіске ұмтылуға, біліктіліктерін шыңдауға шақырды. Сондай-ақ, кездесуге қатысушыларға келесі

жылы қазақ мұнайының «қарашаңырағы» «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жыл толатынын жеткізіп, еліміздің мұнай-газ саласы, соның

ішінде, Ембінің тарихындағы осы айтулы оқиғаға арналған шараларға жастардың белсенді түрде атсалысатындарына сенім білдірді.

МҰНАЙШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Еркіндік тойы

Армысың халқым, өрдің бе аман жерлесім!
Келді бір мейрам, көңілдің шертіп пернесін.
Азаттық таңы арайлап атқан бұл күнді,
Жырламай жатсам, болмай ма мұным ерге сын.

Келген бұл мейрам боздақтар төккен қанменен,
Бостандық үшін батырлар берген жанменен.
Аталарымыз жасаған ессіз ерлікпен,
Аналарымыз ұстаған Ту қып арменен!

Боз далам мынау, бозжусан иісі аңқыған,
Тарпаңы тулап, көгінде қыран қалқыған.
Қазақтың жері – бабадан қалған аманат,
Күмбірлеп күйің, төсінде жатсын шалқып ән!

Еркіндік тойы, Еліме тағы қош келдің!
Жоғалмай жеткен жолында ұлы көштердің.
Азат елімнің азат ұлымын! Бар менің,
ҚАЗАҚ деп Аллам маңдайға соққан төсбелгім!

Жарқын Темеев,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ
еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару бөлімінің
еңбекті нормалау жөніндегі инженері



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;
Ж.Дәуітов - "Жас мамандар" кеңесінің төрағасы.